

30 желтоқсан 2024 ж.

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

**ВСС Invest компаниясы «Алтыналмас АҚ» АҚ-тың KASE-де облигациялар орналастыруының андеррайтері болды.**

**2024 жылғы 26 желтоқсан күні ВСС Invest инвестициялық компаниясы Қазақстан қор биржасында (KASE) «Алтыналмас АҚ» АҚ облигацияларын орналастырудың андеррайтерлерінің бірі болды.**

«Алтыналмас АҚ» АҚ KASE-нің сауда алаңында облигацияларды тұңғыш рет орналастырғанын атап өткен жөн. Бұл орналастыру Қор нарығына қатысушылардың тарапынан үлкен қызығушылық туғызды.

Компания өтелуі жылдық 8,00% және айналыс мерзімі үш жыл болатын 50 млн АҚШ долларына облигация орналастыруды ұсынды. Жазылу барысында жалпы көлемі 55,8 млн АҚШ долларына сатып алуға өтінімдер келіп түсті, бұл мәлімделген көлемнің 112%-ын құрады.

Компания 55,8 млн АҚШ долларына өтінімдерді мақұлдады.

*«ВСС Invest компаниясы «Алтыналмас АҚ» АҚ-ты KASE-де облигацияларды сәтті орналастырғанымен құттықтайды. Біздің компанияға сенім білдіргені үшін алғыс айтамыз, біз осы орналастырудың андеррайтерлерінің бірі болғанымызға өте қуаныштымыз. Біз еліміздегі ірі алтын өндірушілердің бірімен серіктес болғанымызды бағалаймыз»,* - деп атап өтті **ВСС Invest компаниясының корпоративтік қаржыландыру департаментінің басшысы Аманат Ысқақов.**

**Компания туралы**

ВСС Invest инвестициялық компаниясы 1998 жылдан бастап бағалы қағаздар нарығында қызметін жүзеге асырып келеді және брокерлік қызмет көрсету, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару, қаржылық консалтинг, бағалы қағаздар андеррайтингі қызметтерін көрсетеді. ВСС Invest – ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы.

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы №3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.

**БАҚ-пен байланысушы тұлға:**

Талита Жуматаева, тел. +7 701 100 36 83  
e-mail: [tzhumatayeva@bcc-invest.kz](mailto:tzhumatayeva@bcc-invest.kz)